



Қазақ вальсінің королі

Қазақ музыкасының белді тұлғасы, халықтың жүрегінен орын алған әйгілі композитор Шәмші Қалдаяқовтың туғанына биыл 95 жыл толып отыр. Ол қазақ музыка өнерінің тарихында өшпес із қалдырған ұлы дарын иесі. Оның есімі халық жадында мәңгі сақталып, шығармалары әр буынның жүрегінен орын алады.

Шәмші Қалдаяқовты қазақ жұрты «Қазақ вальсінің королі» деп атауы

колледжінде Шәмші Қалдаяқовтың туғанына 95 жыл толуына арналған «Жарқ еткен жұлдыз» атты музыкалық сайыс өткізілді. Арқалық көпсалалы колледжінің студенттеріне композитордың өмірі мен шығармашылығы жайлы баяндама оқылды. Келесі кезекте іс-шара сайыстық ойындарымен толықты. Студенттер екі топқа бөлінді. Бірінші кезеңде композитордың өмірі мен шығармашылығы, әндеріне байланысты ұяшықтарда жасырылған сұрақтарға жауап берді.

Екінші «Бәйге» сайысында жалпы көркем әдебиет-

тық өнерге деген құрметтерін білдіріп, ұлы композитордың мәңгілік мұрасын тағы бір мәрте дәріптеді. Оның шығармашылығы арқылы халықтың рухы көтеріліп, ұлттық санасы жаңғырды.

Студенттердің пікірі бойынша, бұл іс-шара қазақ өнерінің құндылығын бағалауға, ұлттық рухты нығайтуға және өз тіліміз бен мәдениетімізді құрметтеуге шабыт береді. Шәмші әндері арқылы ұлттың тарихы мен дәстүрін жаңа қырынан танып, музыка арқылы қазақ халқының болмысын сезінді. Иә, тағылымы мол

бекер емес. Ол өз әндері арқылы халқына қуаныш, үміт, сүйіспеншілік сыйлады. Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығы – қазақ ән өнеріндегі айрықша кезең. Әндерінің мелодиясы жеңіл, жүрекке жылы, халыққа жақын болып келеді. Басым көпшілігі махаббатқа, достыққа, туған жердің көркем табиғатына арналған.

Осы орайда №2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, «Өнер» секторы кітапханашыларының ұйымдастыруымен Қазтұтынуодағы Арқалық көпсалалы

ке, қазақ тұлғаларына арналған 6 бөлімге бөлінген сұрақтарға жауап беруде барынша белсенділік танытты. Сайыстың соңғы кезеңінде студенттер Шәмшінің әндерін бірге орындады. Бұл бірлескен өнер көрсету сәті жастарға композитордың шығармашылығын терең сезініп, әуенге деген сүйіспеншілігін арттыруға мүмкіндік берді. Жүректі тербеген бұл әсем әндерді топтық орындау шарамызды жылы әрі әсерлі атмосфераға бөледі. Білім алушы жастар Шәмші әндері арқылы ұлт-

іс-шара студенттер үшін тек музыкалық емес, рухани сабақ болды. Бұл кеш тек сайыс емес, жүрек пен өнерді тоғыстырған, жадыда ұзақ сақталатын рухани мереке ретінде қорытындыланды. Іс-шара барысында ерекше көзге түскен белсенді студенттерге естелік ретінде тағылымы мол кітаптар сыйға тартылды.

**Гүлжаухар
СЕЙІЛХАНОВА,
№2 ОӘҒК,
«Өнер» секторының
кітапханашысы**